



## БҰЙРЫҚ

2023 ж. 01.06. 1-05/53.

Павлодар қаласы

## ПРИКАЗ

№ \_\_\_\_\_

город Павлодар

### «Павлодар қаласының № 44 сәбилер бақшасы» КМҚК өзін-өзі бағалауы туралы

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңның 5-бабы 9) 59 –бабы 64), Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйырығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшеу шарттары», Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 бұйырығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» басшылыққа қала және Павлодар облысының білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті ММ-нің 2021 жылғы 23 қарашадағы № 1-03/218 бұйырығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылғы 31 мамырда Павлодар қаласының № 44 сәбилер бақшасының «Өзін-өзі бағалауды өткізу туралы» тақырыбында жоспардан тыс педагогикалық кеңес өткізілсін.  
2. 2023 жылғы 1 маусым мен 30 маусымға дейінгі мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау өткізілсін.

3. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрамы: комиссия төрайымы сәбилер бақшасының басшысы Г.К.Норпенцова; комиссия мүшелері: әдіскер Дильмухаметова М.А., медбике Кайыржанова А.С., кәсіподақ төрайымы: Каиркенова Э.С., есепші Сатова Н.А бекітілсін.

4. Г.Б.Қырықбаева комиссия хатшысы болып тағайындалсын.

5. Комиссия білім беру ұйымын бағалау критерийлеріне және білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізісін.

6. Комиссия мүшелері білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша мына есептерді дайындасын:

А) М.А.Дильмухаметова –білім беру ұйымның мақсаты, міндеттері мен құндылықтары; оқытушылық және оқыту; МЖМБС орындау, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелері (машықтар мен дағдылар диагностикасы), пәндік-кеңістіктік дамыту ортасын құру; педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы, тәрбиеленушілердің жетістіктерін бақылау;

Ә) Кайыржанова А.С.- мектепке дейінгі ұйымда сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, бақшаға қатысу мен сырқаттанушылықты талдау, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

Б) Н.А.Сатова –материалдық –техникалық база, негізгі құралдарды сатып алу.

Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басшы

Панисетов: Каиркенова  
Сатова

000313

Г.Норпенцова

Кайыржанова А.С.  
Дильмухаметова М.А.